

**"2020-2022 жылдарға арналған Қарашеңгел ауылдық округінің бюджеті туралы"
Қазалы аудандық мәслихатының 2019 жылғы 26 желтоқсандағы № 361 шешіміне
өзгерістер енгізу туралы**

Мерзімі біткен

Қызылорда облысы Қазалы аудандық мәслихатының 2020 жылғы 7 желтоқсандағы № 520 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 15 желтоқсанда № 7910 болып тіркелді. Мерзімі біткендіктен қолданыс тоқтатылды

"Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі" Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Кодексінің 109-1-бабына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабының 2-7-тармағына сәйкес, Қазалы аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. "2020-2022 жылдарға арналған Қарашеңгел ауылдық округінің бюджеті туралы" Қазалы аудандық мәслихатының 2019 жылғы 26 желтоқсандағы № 361 шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 7187 нөмерімен тіркелген, 2020 жылғы 17 қаңтарда Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілердің эталондық бақылау банкінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

1-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"1. 2020-2022 жылдарға арналған Қарашеңгел ауылдық округінің бюджеті 1, 2, 3 - қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2020 жылға мынадай көлемдерде бекітілсін:

1) кірістер – 160144 мың теңге, оның ішінде:

салықтық түсімдер – 1656 мың теңге;

салықтық емес түсімдер – 618 мың теңге;

трансферттер түсімдері – 157870 мың теңге;

2) шығындар – 160403 мың теңге;

3) таза бюджеттік кредиттеу – 0;

бюджеттік кредиттер – 0;

бюджеттік кредиттерді өтеу – 0;

4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо – 0;

қаржы активтерін сатып алу – 0;

мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер – 0;

5) бюджет тапшылығы (профициті) – -259 мың теңге;

6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитті пайдалану) – 259 мың теңге.";

2-тармақтың 1) тармақшасы жаңа редакцияда жазылсын:

"1) білім беру 4642 мың теңге.";

3-тармақтың 1) тармақшасы жаңа редакцияда жазылсын:

"1) білім беру 8958 мың теңге.";

3-1-тармақтың 1) тармақшасы жаңа редакцияда жазылсын:

"1) Көлік инфрақұрылымын орташа жөндеу 14112 мың теңге.".

Аталған шешімнің 1 - қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялауға жатады.

Қазалы аудандық мәслихатының кезектен тыс LXVII сессиясының төрағасы

Қазалы аудандық мәслихат хатшысы

А. ОРЫМБАЕВ

К. НАЗЫМБЕКОВ

Қазалы аудандық мәслихатының
2020 жылғы 7 желтоқсаны № 520
шешіміне қосымша

Қазалы аудандық мәслихатының
2019 жылғы 26 желтоқсандағы № 361
шешіміне 1-қосымша

2020 жылға арналған Қарашеңгел ауылдық округінің бюджеті

Санаты		Сыныбы		Сомасы, мың теңге
		Кіші сыныбы	Атауы	
			1. Кірістер	160144
1			Салықтық түсімдер	1656
	01		Табыс салығы	79
		2	Жеке табыс салығы	79
	04		Меншікке салынатын салықтар	1577
		1	Мүлікке салынатын салықтар	14
		3	Жер салығы	391
		4	Көлік құралдарына салынатын салық	1172
2			Салықтық емес түсімдер	618
	01		Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	618
		5	Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	618

4			Трансферттердің түсімдері	157870
	02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	157870
		3	Аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен трансферттер	157870
Функционалдық топ				
	Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі			
		Бағдарлама		
			Атауы	
			2. Шығындар	160403
1			Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	30554
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	30554
		001	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	30064
		022	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	490
4			Білім беру	91618
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	91618
		041	Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын іске асыруға	91618
7			Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	2666

	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент , ауылдық округ әкімінің аппараты	2666
		008	Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	1431
		009	Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	447
		011	Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	788
8			Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік	21453
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент , ауылдық округ әкімінің аппараты	21453
		006	Жергілікті деңгейде мәдени-демалыс жұмысын қолдау	21453
12			Көлік және коммуникация	14112
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент , ауылдық округ әкімінің аппараты	14112
		045	Аудандық маңызы бар қалаларда, ауылдарда, кенттерде, ауылдық округтерде автомобиль жолдарын күрделі және орташа жөндеу	14112
			3. Таза бюджеттік кредиттеу	0
			Бюджеттік кредиттер	0
			Бюджеттік кредиттерді өтеу	0
			4. Қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо	0
			Қаржы активтерін сатып алу	0

			Мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер	0
			5. Бюджет тапшылығы профициті)	(-259
			6. Бюджет тапшылығын қаржыландыру профицитін пайдалану)	(259
8			Бюджет қаражатын пайдаланылатын қалдықтары	259
	01		Бюджет қаражаты қалдықтары	259
		1	Бюджет қаражатының бос қалдықтары	259

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК